

Сочиде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы негізін қалаған Қазақстан мен Ресей арасындағы әріптестіктің жоғары деңгейі мен дәрежесінің сақталғанын атап өтті. Мемлекет басшысы «Валдай» пікірталас клубының отырысына қатысып, сөз сөйледі. Биылғы форум ғаламдық геосаясаттағы Шығыстың рөлі тақырыбына арналды.



2

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

[@NurSultanNewsBot](https://t.me/NurSultanNewsBot) t.me/elordainfo



1990 жылы 13 қазаннан бастап шығады

ASTANA

№117 (3932) | Сенбі | 5 қазан 2019 жыл

AQSHAMY



Құрметті ұстаздар қауымы!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» деп мұғалімнің еңбегіне үлкен баға берген. Педагог – тек мамандық қана емес, бұл жоғары білімді, ерекше рухани қасиеттерді талап ететін өмірлік мұрат екендігі сөзсіз. Сіздердің қажырлы еңбегіңіздің, тынымсыз ізденісіңіздің арқасында еліміздің зияткерлік әлеуеті қалыптасуда.


Оқушылардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіруде сіздердің үлестеріңіз орасан мол.

Еліміздің болашағы үшін саналы ұрпақ тәрбиелеп отырған ерен еңбектеріңіз үшін мың алғыс!

Алтай КӨЛГІНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

5

МҰҒАЛІМ – МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ!



ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

НҰР-СҰЛТАН – МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІНІҢ «ЖАСЫЛ» ҚАЛАСЫ

3-БЕТТЕ



МӘСЛИХАТ

ӨРЛЕУ МЕ, ҚҰЛДЫРАУ МА?

4-БЕТТЕ

САНСӨЙЛЕМ

ЕЛОРДАДА ЖАС ҰСТАЗДАРҒА АРНАЛҒАН

350

ОРЫНДЫҚ БАСПАНА ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ





ҚАЗАҚСТАН ӘДІЛ АРАҒАЙЫНДЫҚТЫ ЖАҚТАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде интеграциялық процестер бойынша жоғары деңгейдегі түсіністік барын атады. Оның айтуынша, Ереванда өткен ЖЕЭК отырысындағыдай туындаған мәселелер бойынша уақытылы шешімдер қабылдануы қажет. Қазақстан тарихи және географиялық орналасу жағынан

Шығыспен де, Батыспен де байланыс орнатқанын атап өткен Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан 2020-2022 жылдары Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеске төрағалық ету барысында өзге де көпжақты институттармен байланысты күшейтуді жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

«Валдай» халықаралық пікірталас клубының XVI пленарлық сессиясына әлемнің ондаған елінен

беделді саясаткерлер мен белгілі сарапшылар, қоғам қайраткерлері қатысты, биылғы форум ғаламдық геосаясаттағы Шығыстың рөлі тақырыбына арналды.

– Алтын Орда – қазақтың мәдени кодының маңызды бөлшегі. Ол шын мәнінде және географиялық тұрғыда да еуразиялық ел саналады. Әрине, ел аумағының басым бөлігі Азияда орналасқан. Дегенмен, Қазақстан территориясының 4 пайызы еуропалық

континентте жатқанын ұмытпау керек. Ол дегеніміз – 120 мың шаршы километр жер, – деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Қазақстанның аймақтық қақтығыстарды реттеуде әділ арағайындықты жақтайтынын айтқан Мемлекет басшысы Таяу Шығыс үшін, оның ішінде, Сирия бойынша Астана процесінде өміршең шешімдер іздестіруге дайын әрі қолдауға әзір екенін мәлімдеді.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Рүстем Биғари,
Білім және ғылым
вице-министрі:

“”

Елбасының тапсырмасымен заң жобасы әзірленді. Ол заң бойынша ұстаздардың құқығын қорғау, оқу жүктемесін төмендету, марапаттармен қатар материалдық қолдау көрсету қарастырылған. Келесі жылдан бастап олардың жалақысы 25%-ға көбейеді. Магистр дәрежесі бар ұстаздарға 10 АЕК көлемінде жалақысын өсіру қарастырылған.

ШАҒАР ТУРИЗМІН ДАМУ САММИТІ

» Нұр-Сұлтан қаласында туризмді дамыту туралы 8-жаһандық саммитті ұйымдастыру мәселелері бойынша баспасөз мәслихаты өтті.

Дәулет
АСАУОВ

2019 жылдың 9-12 қазан аралығында Тәуелсіздік сарайында «Ақылды қалалар – ақылды дестинациялар» қалалық туризм мәселелері бойынша 8-ші жаһандық саммит өтеді.

– Жаһандық саммитті өткізу елорданың дамуына серпін береді. Саммитке қатысуға 600 адам тіркелді, оның 300-і – туризм саласындағы ірі халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтардың өкілдері, зерттеушілер, мемлекеттік органдар, сондай-ақ орта және шағын бизнес қызметкерлері, – деді Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысының орынбасары Қасымхан Жүзенов.

Қалалық Туризмді дамыту бойынша саммит жылына бір рет ұйымдастырылады. Және ол Дүниежүзілік туристік ұйымның (ЮНВТО) талаптарына сәйкес таңдалған қалада өтеді.

– Саммит ақылды қалаларды дамытуға арналған. Бұл күндері бүкіл әлем бойынша көптеген дестинациялар күрделі қалалық проблемаларды шешуге ықпал етеді. Тұрақтылық, қолжетімділік, қалалық басқару, инновациялар мен технологиялардың аса маңызды мәселелері талқыланатын болады, – деді «Астана Конвенция Бюро» директорының орынбасары Хелена Махуас.

Саммиттің негізгі ұйымдастырушылары – Нұр-Сұлтан қаласы әкімі және БҰҰ-UNWTO Дүниежүзілік туристік Ұйымы.

ҚАЛА – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

» ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев пен қала әкімі Алтай Көлгінов Нұр-Сұлтан қаласындағы №76 мектебінде өткен экосағатқа қатысып, жоғары сынып оқушыларына арнайы дәріс оқыды. Дәрістен соң мектеп ауласындағы «Жеңімпаздар аллеясында» жеңімпаз спортшы балалармен бірге көшет отырғызды.

Жадыра
ШАМҰРАТОВА

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев пен қала әкімі Алтай Көлгінов робототехника кабинетінде болып, робот үлгілерімен танысты. Ә.Бөкейханов атындағы музейді аралап, балалар таныстырған құнды мәліметтерге қанықты. ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев: «6 қазан күні бүкіл дүние жүзінде халықаралық тіршілікті қорғау күні аталып өтіледі, Қазақстан үкіметі де елордамыз Нұр-Сұлтан әкімдігімен мектептерде экосағатын өткізуде. Экосағаты еліміздің 7000 мектебінде ұйымдастырылып, оған 3 млн-ға жуық оқушы қатысады» дей келіп, баршаны табиғатқа немкетті қарамай, оны қорғауда азаматтық тұрғыдан белсенді болуға үндеді.

«Үнемділік үйден басталуы тиіс, сондықтан үйден шыққанда жарықты өшіріп, суды тиімді пайдалануға үйрену керек, қоқысты қалай болса солай тастамау қажет. Қаланың тазалығы оның тұрғын-



дарының мәдениетіне байланысты» деп, оқушыларды қала тазалығын сақтауға шақырды. Тынық мұхитта пластик бөтелкелердің жиналған көлемінің бір жарым млн гектарға жеткенін, бұл үш Францияның жер көлемі болып есептелетінін, соңғы уақытта қала әкімшілігі, экология министрлігі ұйымдастырған тазалық шараларының нәтижесінде өзен-көлдер жағасы тазартылғанын айтқан Бердібек Мәшбекұлы сөз соңында мектеп бітіргелі отырған оқушы-

ларға Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Сейдірұлының «Болашақ» бағдарламасымен шетелге оқуға түсіп, елге қызмет етіп жатқандығын мысал етті.

Қала әкімі Алтай Көлгінов өз сөзінде экосағаттың мәні мен маңызы зор болғандықтан, бұл шараға 17 министрдің атсалысқанын келтірді. «Қала дегеніміз – ортақ үйіміз. Осы жазда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы эко-челленджді бастады. Жастар белсенділік танытып, қаланың

айналасындағы өзен-көлдерді тазалауға қатысты, сонда көргеніміз – су қоймаларының айналасы қоқысқа толған, оны басқа планетадан келіп ластаған жоқ, басқа облыстың адамдары әкеліп төккен жоқ, сіз бен біз ластандық, демалысты жақсы көреміз, бірақ артынан жинамаймыз. Жақында Швецияның кішкентай қызы үлкендерге: «Сіздер бізге қандай планетаны беріп жатырсыздар?» деп ұрысты. Экология – әлемдік тренд. Елбасымыз Н.Назарбаев елорданы осы жерге көшірген кезде бастаған үлкен жұмысы – жасыл белдеу болатын. Қазір Нұр-Сұлтан қаласының айналасы орманға айналды, Елбасы өзі қадағалап отырды. 90 мың гектар жерге ағаш егіліп, ол Бұрабай жақтағы орманмен қосылды, еңбекпен келген орман – біздің тыныс алатын өкпеміз» деп табиғатты қорғау бүкіл тіршілікті қорғау екенін түсіндірді. «Ертең мемлекетті басқаратын сіздер, сіздер мәдениетті, парасатты жастар болсаңыздар, қоршаған ортаға деген көзқарас та өзгереді» деп, оқушыларды қалада ұйымдастырылатын игі шаралардан қалыс қалмауға шақырды.

» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

«STOP туберкулез!» акциясы басталған бір аптаның ішінде Нұр-Сұлтанда 1775 адам жылжымалы флюорографтардың көмегімен профилактикалық флюорографиялық тексерулерден өтті. Қала бойынша 4 жылжымалы флюорографтар базарларда, сауда үйлері мен орталықтарында профилактикалық тексерулер өткізді.

■ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Агроөнеркәсіп кешені саласындағы «Түркістан агро» инвестициялық жобасы аясында облыста егістік алқапты жаңбырлатып суаруға мүмкіндік беретін машина трактор стансасы құрылуда. Осы мақсатта АҚШ-тан 18 бірлік суару машинасы және 27 ауылшаруашылығы техникасы сатып алынған. Жоба «Қаз-агрофинанс» АҚ тарапынан лизингтік шарттар негізінде несиелендірілді.

■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Облыс бойынша көлемі 304 мың гектар болатын пайдаланусыз жатқан 1,6 мыңнан астам жер телімі анықталған. Оның 125 гектарға жуығы – коммерциялық мақсаттағы жер учаскесі. Пайдаланусыз жатқан жер аумақтарының кадастрлық құны 3,4 миллиард теңгені құрайды. Прокуратураның араласуының нәтижесінде мемлекеттік жер қорына көлемі 34,8 гектардан астам 414 жер телімі қайтарылды.

■ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбеде 7 қазаннан бастап жолақыны Visa банк карточкаларымен төлеген тұрғындарға 50%-дық жеңілдік беріледі, осылайша жолақы екі есеге арзандайды. Әзірге мұндай жаңашылдық терминалдар орнатылған «ПАТП» автобустарында жүзеге асады. Сондай-ақ бұл шара тек келесі жылдың 7 қаңтарына дейін жүреді.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Облыс орталығы Алмалы және Береке ауылдық округтері қосылады. Нәтижесінде облыс орталығының аумағы 7,145 гектарға ұлғаяды. Махамбет ауданына қарасты елді мекендердің облыс орталығына қосылуына байланысты қала аумағы 45 871 гектарды құрайтын болады.

НҰР-СҰЛТАН – МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІНІҢ «ЖАСЫЛ» ҚАЛАСЫ

» Марокко астанасы Рабат қаласында өткен Экология министрлерінің 8-ші ислам конференциясында ИСЕСКО комиссиясы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жұмысына жоғары баға беріп, Қазақстан астанасына «Мұсылман әлемінің ең жасыл қаласы» номинациясында арнайы сый берді.



2017 жылы ИСЕСКО Сауд Арабиясы Корольдігімен бірлесіп, қоғамның барлық сегменттерінде қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігін насихаттау, қалаларды экологиялық тазалыққа, жаңа энергия көздерін қолдануға үгіттеу мақсатында Араб, Африка және Азия аймақтарынан үш Ислам астанасы жүлдесін жариялаған болатын. ИСЕСКО басшылығы 2017 жылы «Болашақ энергиясы» ұранымен «ЭКСПО» Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізген, жалпы тазалық, қоршаған ортаны қорғау, жаңа энергиясы көздері жобаларын іске асыру бойынша қарқынды даму бағытына түскен Нұр-Сұлтан қаласын бірінші болып Ислам әлемінің «жасыл» астанасы ретінде жариялады.

Марокко астанасы Рабат қаласында орналасқан Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ислам ұйымының (ИСЕСКО) штаб-пәтерінде өткен Экология министрлерінің 8-ші ислам конференциясына Қазақстанның Мысырдағы Елшісі Арман Исағалиев бастаған делегация қатысты. Марокко Королі Мұхаммед VI қолдауымен өткен «Қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты дамудағы мәдени және діни факторлардың рөлі» атты форумға 36 мемлекет пен 11 халықаралық ұйымның делегациялары қатысты. Қатысушылар мұсылман әлемінің қоршаған ортасы, дүниежүзілік жылу көтерілу үдерісі, ауа мен су көздерінің ластануы проблемаларын талқылады.

Құрметті мұғалімдер, білім мекемелерінің қызметкерлері, педагогикалық қызметтің ардагерлері!

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары атынан Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Мұғалімдер күнімен құттықтаймын!

Әр кезеңде де ұстаз жоғары адамгершіліктің үлгісі болып саналды. Өмір әрқашан да мұғалім алдына ең жоғарғы талаптарды қойды, ал Сіздер, құрметті педагогтар, игілікті істеріңізді абыроймен атқара отырып, әр уақытта да елордамыздың қоғамдық өмірінің қайнар ортасынан табыласыздар.

Қазіргі ақпараттық, ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ тәрбиелеу жауапкершілігі де мұғалімдер қауымдастығына жүктеледі.

Мейірім-шапағаттарыңызды төккендеріңіз үшін, таңдаған істеріңізге адалдықтарыңыз үшін алғыс айтамыз!

Шын жүректен жаңа шығармашылық табыстар, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Ерен еңбектеріңіз үшін берілетін ең басты сый – балалардың күлкісі Сіздердің өмірлік жолдарыңызда ере жүрсін!

Ж.НҰРПЕЙІСОВ,

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы

Құрметті ұстаздар, білім беру саласының қызметкерлері, педагогикалық қызметтің ардагерлері!

Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесінің атынан Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен құттықтаймын!

Айналасында болып жатқан жағдайларға немқұрайлы қарай алмайтын адамдар ғана ұстаз бола алады. Олар өздерінің бар болмысын ең маңызды және беделді қызмет – өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуге арнайды. Олардың алдында үлкен міндет: жаңа формациядағы прагматикалық және терең рухани, тез өзгеріп жатқан әлемге бейімделуге қабілетті тұлғаны өсіру міндеті тұр. Бұл оңай емес. Тұрақты түрде өз біліктілігін көтеріп, жетілдіріп отыру, оқытудың жаңа әдістерін меңгерулері қажет.

Кәсіби мереке қарсаңында Сіздердің күннен күнге балаларға беріп отырған махаббаттарыңыз бен жылулықтарыңыз, өз істеріңізге берілгендіктеріңіз үшін алғысымды қабыл алыңыздар, зор денсаулық және кәсіби қызметтеріңізге сәттілік тілеймін.

С. ЕСІЛОВ,

Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН КУРСТАР

» Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту орталығы жұмыссыз азаматтарды еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқытуға іріктеу жүргізіп жатыр, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Оқу курстары 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылып жатыр. 2019 жылы барлығы мыңға жуық адамды қысқа мерзімді оқыту көзделіп отыр. Бүгінгі күні 711 қа-

тысушы 18 мамандық бойынша 11 оқу ұйымына жіберілді. Оның 247-сі курсты аяқтап, 109-ы жұмысқа тұрды. Сондай-ақ комиссия 289 жаңа бизнес идеяны жүзеге асыруға грант беруді құптады. Оқу кезінде қатысушыларға ай сайын 16759 теңге көлемінде шәкіртақы беріледі.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ, қала тұрғыны:

– Мен бұрын еңбек шарты бойынша бір ұйымда қызметте болған едім, ол жерде міндетті зейнетақы жарнасын төлеп отырдым, ал қазір оған қосымша басқа жерде азаматтық-құқықтық келісімшартпен жұмысқа тұрдым, білгім келгені – фрилансерлер зейнетақы жарнасын төлеуге міндетті ме? Егер қызметкер екі жерде жұмыс істесе міндетті зейнетақы жарналарын қалай төлеуі керек?

Оқырман сауалына «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ өкілі жауап береді:

– 2019 жылдан бастап, жалдамалы жұмысшы ретінде қос қызметте жүрген азаматтар (яғни жеке еңбек келісімшартын жасау аясында) және азаматтық-құқықтық негіздегі келісім бойынша жұмыс істеп немесе қызмет көрсетіп жүргендер, табыс көзінен міндетті зейнетақы жарнасын төлеуден босатылады. Азаматтық-құқықтық негізде келісімшарт

бойынша жұмыс істеп жүрген жеке тұлғалар үшін міндетті зейнетақы жарнасын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік және жеке тәжірибемен айналысатын тұлғалар төлейтін болады. Олар салық агенті ретінде «фрилансерлер» үшін жеке табыс салығын есептеп, төлейді. Сондай-ақ азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша жұмыс істеп жатқандар, жеке тұлғалармен келісімге отырған жеке тұлғалардың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу құқығы сақталады.



КҮНТІЗБЕ

Халықаралық мұғалімдер күні. 1994 жылдан бастап ЮНЕСКО шешімі бойынша атап өтіледі.

Португалия Республикасы күні.

1921 жылы Лондонда жазушылардың халықаралық бірлестігінің (ПЕН-клуб) негізі қаланды.

1992 жылы Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес құрылды.

97 жыл бұрын (1920-1988) ақын Жұбан Молдағалиев дүниеге келді.

93 жыл бұрын (1924-1988) белгілі сатирик, жазушы Шона Смаханұлы дүниеге келді.



ИНКЛЮЗИВТІ АЛАҢ АШЫЛДЫ

» Астаналық саябақтың 800 шаршы метр аумағында ерекше қажеттілігі бар балалар үшін қолжетімді «Kunshuq» инклюзивті балалар алаңы ашылды.

Жадыра МҰРАТБЕКОВА

Қалалық Есіл ауданы әкімдігі мен «Ротари-клуб Астана» қоғамдық бірлестігі бірлесіп өткізген бұл шараға АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінің өкілдері де қатысты. Шара барысында бүлдіршіндерден құралған «Замандас» тобы ән айтып, би билеп, көпшілікке қуаныш сыйлады. Сонымен қатар түрлі спорттық ойындар ойнатылып, демеушілер тарапынан дастарқан жайылып, балаларға кітаптар сыйлыққа берілді. Бұл

алаңда мүгедектер арбасының кіру мүмкіндігі бар ойын кешендері, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған қауіпсіз өткеншектер, бейімделген құмсалғыш үстелдері, арнайы тактильді панельдермен 15 түрлі қондырғылар орнатылған. Іс-шараға қатысқан Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті алаң олардың әлеуметке бейімделуіне көмектеседі, әкімшілік тарапынан біз ерқашанда қолдау көрсетеміз деп атап өтті.

■ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Солтүстік Қазақстанда зерттеу жүргізіп жатқан археологтар Алтын Орда дәуіріне жататын көне нысан тапты. Әзірге мазар немесе кесене деген болжам айтылуда. Бұл орында қалашық болды деп айтуға негіз бар. Өйткені арық жүйесінің, суландыру жолдарының қалдығы табылған.

■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Өңірде 80 ауыл жойылып кетуі мүмкін. Қатон-Қарағай ауданында өткен инвестициялық форумда өзекті мәселені шешудің жолдары қозғалып, нақты ұсыныстар айтылды. Облыстан жылына 1 мың 200 адам көшеді екен. Қазір 13 ауылдың жағдайы мүшкіл. Биыл тұрғындарды ұстап қалу үшін 1 млрд теңгеге жол жөнделген.

■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

«Союз МС-12» кемесінің экипажы Жезқазғаннан 145 шақырым жерге қонды. Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек және Ресей, АҚШ, БАӘ аэроғарыш ведомстволарының өкілдері Қарағанды қаласының әуежайында ғарышкерлерді қарсы алды. Осылайша XFC 60-шы мерейтойлық миссиясы сәтті аяқталды.

«ASTANA» ӘКК» НЫСАНДАРЫ: ӨРЛЕУ МЕ, ҚҰЛДЫРАУ МА?

«Astana» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына сенімді басқаруға коммуналдық мүлікке жататын жиырмадан астам нысан берілген. Олардың қатарында бірнеше кәсіпорын мен спорт сарайлары бар. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары аталмыш корпорацияның осы тараптағы жұмысына біраздан бері сын айтып жүр. Олар аталмыш нысандар сенімді басқаруға берілген уақыттан бері өрлеудің орнына құлдырап кетті деп есептейді.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

«ҚАЗАҚСТАН» СК КЕРІ
ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Мәселенің байыбына жету үшін «Astana» ӘКК» АҚ-тың бұл бағыттағы жұмысы қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері

отыратын орындар мен пайдалы шаршы метрлерді көбейтпек» дейді Р.Қуанышбаев.

«БАРЫС-АРЕНА»
БАССЕЙНІ АРЗАНДАДЫ

«Барыс-Арена» көпфункционалды мұз сарайы, «Астана-Арена» стадионы және «Алау» мұз сарайы «Astana Venua Management»

наның» сайты мен SMM жүйесін іске қостық. Керек мамандарды жұмысқа қабылдадық. Соның нәтижесінде бассейнге келетін адамдар саны артты. 2018 жылы оған күніне 30 адам ғана келсе, қазір бір күнде 400 адам бассейн қызметін пайдаланады. Бұрын бассейнді пайдалану үшін күніне 4 мың теңге төлеу керек еді. Бұл баға коммерциялық ережеге мүл-



жөніндегі тұрақты комиссияның қарауына шығарылды. Сол жерде қалалық Ақтивтер және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Еркін Өтебаев, «Astana» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы Рүстем Қуанышбаев, «Astana Venua Management» ЖШС бас директоры Мәлік Хасенов есеп берді.


«Қазақстан» спорт кешенінің күрделі жағдайы көптен бері айтылып, жазылып жүр. Әсіресе, нысанның бассейні апатты жағдайға жетіп, жұмыс істемей тұрғанына бір жарым жылдай болды. «Astana» ӘКК» АҚ-тың бассейнді жөндеуге шамасы келмеген тәрізді. Енді спорттық нысанды кері қайтарып, қалалық Мәдениет және спорт басқармасының балансына бермек.

– «Қазақстан» спорт кешенінің 2017 жылдың аяғында сенімді басқаруға алдық. Бассейннің жағдайы қоғамда біраз шу тудырды. Біз техникалық сараптама өткіздік. Мұнда нысанның шатыры мен бассейн бойынша мәселелер туындады. Сондықтан бассейнді жауып, мұз айдынын әзірге ашық қалдырдық. Қазір спорт сарайын Мәдениет және спорт басқармасына беру мәселесі қаралып жатыр. Жұмыс мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша жүргізілуде. Нысанды өз есебінен күрделі жөндеуден өткіземін дейтін инвестор бар. Ол спорт кешенінде жанкүйерлер

ЖШС басқаруына берілген. Бұл нысандар аталмыш серіктестікке өткеннен кейін олардың жұмысы жанданған сияқты. Мәселен, «Барыс-Аренаның» бассейні коммерциаландырып, соның нәтижесінде табыс едәуір артқан. Атап айтқанда, бассейнді пайдалану үшін 2018 жылдың ішінде кіріс 17 млн теңге болса, осы жылдың 1 қазанына бұл көрсеткіш 190 млн теңгеге жеткен.

«Бұдан бұрын бассейнде бапкерлер, құтқарушылар, кассирлер болған жоқ. Яғни, нысан жұмысында бір жүйе болмады. Біз келгенше ғаламторда нысанның жарнамасы да жүргізілмеген. Егер ғаламторда болмаса, бизнесте де жоқсың. Сондықтан «Барыс-Аре-

Қазақстан» спорт кешенінің 2017 жылдың аяғында сенімді басқаруға алдық. Бассейннің жағдайы қоғамда біраз шу тудырды. Біз техникалық сараптама өткіздік. Мұнда нысанның шатыры мен бассейн бойынша мәселелер туындады. Сондықтан бассейнді жауып, мұз айдынын әзірге ашық қалдырдық.



де сәйкес келмейді, тым қымбат. Осы бағамен жылдық абонемент 650 мың теңге болып шығатын. Бұл қаладағы ең сұранысқа ие «Fitness Palace» сауықтыру орталығының бассейнінен 250 мың теңгеге қымбат. Сондықтан бағаны 2 мың теңгеге түсірдік. Зейнеткерлер мен студенттерге 1200-1600 теңге шамасында баға қойдық. Бассейнге келушілер саны сол себептен артып отыр» деді М.Хасенов.

Коммуналдық мүлікті сенімді басқаруға беру жөніндегі комиссия мүшесі екенін айтқан қалалық мәслихат депутаты Мирас Шекенов өткен жылы жарты жыл бойы «Барыс-Аренаның» бассейні бағасына наразы болғанын жеткізді. Оның айтуынша, 4 мың теңге – тым жоғары баға. Мұз сарайының бұрынғы басқарушылары жарнамаға, коммерциялық табысқа мүлде бас қатырмаған.

**18 ЖЫЛДА ЖӨНДЕУ
КӨРМЕДІ**

Оның әріптесі Гайдар Қасенов оң өзгерісті есепке алып, «Қазақстан» спорт кешені де «Astana Venua Management» ЖШС басқаруына беруге болмай ма деп сұрады.

«Негізі «Қазақстан» спорт кешені келісімшарт бойынша бізге берілген еді. Келісімшарт биылғы 19 ақпанда жасалды. Бірақ біз тек менеджмент мәселесімен ғана айналыстық. Нысан апатты болып танылған соң 20 күннен кейін келісімшарт жойылды. Бір ай ішінде жалға алушыларды шыға-

бізге келіп түсті. Бұл ұсыныстар бізді қызықтырып отыр. Қазір олар қажет құжаттарды жинауды бастады. Бүгіндері спорт сарайында «Номад» хоккей клубы ойындар өткізеді. Спорт маусымы мамыр айында аяқталады. Осы уақытқа дейін барлық процедуралық жағдайларды біз де аяқтаймыз. Сосын жөндеу жұмыстарын бастаймыз. Осы жұмыстардың бәрі, құжаттарды жинауды қосқанда 18 ай уақыт алады» деді басқарма басшысы.

**«ШАПАҒАТ» БАЗАРЫ
НЕГЕ САТЫЛДЫ?**

Жақында мәслихат депутаттары «Астана-Көгалдандыру құрылысы» кәсіпорнын аралағанда біраз түйткілді анықтады. Атап айтқанда, осы ұйымның еншісіне қаланы көгалдандыру жұмыстарының 30 пайызы ғана қалған. Сол себептен жұмысшылар да қысқарып, көптеген техника да қаңтарылған. Соның салдарынан қаладағы жасыл желекті күтіп ұстау құлдырады. Комиссия отырысында бұл мәселе қайта көтерілді.

Р.Қуанышбаевтың айтуынша, қазір «Астана Орманы», «Астана Тазалық» және «Астана-Көгалдандыру құрылысы» кәсіпорындарын біріктіру мәселесі қаралып жатыр. Жылдың аяғына дейін бұл мәселе шешілуі тиіс. Осы күндері әрқайсысының жеке кәсіпорын ретіндегі қызметі анықталу үстінде.

Қалалық мәслихат депутаты Еркеғали Есенжолов осы жылдың басында «Шапағат» коммуналдық базарының сатылғаны дұрыс болмады деп есептейді. «Шапағат» жылына бюджетке 60 млн теңге табыс әкелетін. Соған қарамай базарды сатып жібердік» деді депутат.

«Шапағатты» жекешелендіру жоспарынан алып тастауға бірнеше рет әрекеттендік. Корпорацияның менің алдымдағы басқарма төрағасы да, өзім де, қаланың бұрынғы әкімдері де бұған қатысты Үкіметке хат жазды. Бірақ нәтиже болмады. Базарды сатуға мәжбүр болдық. Осы жылдың наурыз ай-



ру туралы шешім шығарылды. Сондықтан біз ештеңе істей алмадық. Негізі, біз спорт сарайын сенімді басқаруға алудан қашпаймыз. Онда жөндеу жұмыстарын жүргізу керек. Стандарттар бойынша кез келген нысанды әр 10 жыл сайын күрделі жөндеуден өткізу қажет. Ал «Қазақстан» 2001 жылы пайдалануға берілді. 18 жылда бірде-бір рет жөндеу көрмеген. Бұл проблеманы «Astana» корпорациясы анықтады. Спорт сарайының тұрған жері тамаша. Сол себептен келушілер саны да көп еді. Бассейннің өзіне мың адам келетін. Бағасы да арзан еді» деп жауап берді бұған М.Хасенов.

Мәдениет және спорт басқармасының басшысы Нұрлан Сыдықов осы мәселені түсіндіріп өтті. «Қазақстан» спорт кешенінің жөндеуіне қаржы саламын деген инвестормен өткен аптада кездестік. Олардан жазбаша ұсыныс

ында үшінші рет базар аукционға шығарылып, сатылды» деді бұған қатысты Р.Қуанышбаев.

Отырыста жалпы аз сын айтылмады. «Astana» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына нысандарды сенімді басқаруға бергенде, олардың даму векторы жоғары қарай өрлеп, бюджетке түсетін салмақ азая ма деп ойлады. Негізгі мақсатымыз да – сол. Бірақ бәрі керісінше болып отыр» деді мәслихат депутаты Мирас Шекенов.

«Astana» ӘКК» АҚ сенімді басқаруындағы әр нысанның мәселесі жеке-жеке қарауды қажет етеді. Бір кәсіпорын мәселесінің өзі біраз уақытты алады. Депутаттар енді корпорация жұмысын бақылауға алды. «Астана-Энергия» АҚ, т.б. осы секілді қала тіршілігінде маңызды рөл атқаратын кәсіпорындардың жағдайы мәслихаттың алдағы отырыстарының бірінде қаралмақ.

ҮЗДІК ҰСТАЗДАР ТОП ЖАРДЫ

» «Қазақстан» орталық концерт залында «Үздік педагог» республикалық байқауының жеңімпаздары марапатталды.



Айтулы шараның ашылуында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мұғалімдерді мерекелерімен құттықтап, педагогтардың мәртебесі туралы заңның әзірленіп, қазір ол құжаттың Парламентте қаралып жатқандығын жеткізді.

«Аталған заңды жүзеге асыру үшін бюджеттен қомақты қаржы қарастырылды. Оны білім саласына деген үлкен қолдау деп түсінеміз. Проблемалар жоқ деп айта алмаймыз. Біз оның барлығын білеміз. Оны ұстаздармен, ата-аналармен, жалпы, қоғаммен бірігіп шешеміз деп ойлаймын. Ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов: «Маған бәрінен де ұстаз, мұғалім жақын. Мұғалім – мектептің жүрегі» деп айтқан. Сондықтан мұғалімдерге қанша жақсылық жасасақ та артық болмайды. Олардың жұмысы өте маңызды. Ел болашағын жарқын ету жолында алдыңғы лекте тұрған мамандықтың бірі деп айтамын» деді министр.

Бұл байқау үш кезеңге бөлінген. Алдымен қатысушылар аудандық, облыстық деңгейдегі сайыстарда бақ сынаған. Содан озып шыққан 178 педагог республикалық кезеңге жолдама алды. Соның арасынан 64 ұстаздың бағы жанып, үздік шықты.



ЖАҢАШЫЛ МҰҒАЛІМДЕР – БІЛІМНІҢ АЛТЫН ҚОРЫ

» М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында Мұғалімдер күніне орай «Жұлдызды шашу» атты мерекелік кеш өтті.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы» деп айтты. Аханның өткен ғасырда айтқаны қазір де маңызын жойған емес.

Мерекелік кеште сөз алған Білім басқармасының басшысы

Әнуар Жанғозин жиналған қауымды төл мерекемен құттықтап, ұстаздық жолдың қадір-қасиетіне тоқталды.

«Ұстаз болу – үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандық. Әрбір мұғалімнің еңбегі баланың тағдырына тікелей әсер етеді. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Ел болам десең – бесіңді түзе» деп бекер айтпаған. Бүгінгі

жас – ертең кім болады, ел дамуына қандай үлес қосады деген ойлар әрбір адамды толғандырады. Бұл жағынан мұғалімдерге де түсетін салмақ ауыр. Сондықтан ел болашағы біздің қолымызда екенін ұмытпауымыз керек. Қорыта келгенде, қастерлі мамандықтың ыстық-суығын бастан кешіп, осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген бәріңіз

ге амандық тілеймін. Шәкірттеріңіз сіздерді жеңістерімен қуанта берсін!» деді ол.

Кеш барысында білім саласында жемісті еңбек етіп жүрген 200-ден аса педагог ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хат» және «Құрмет» грамоталарымен марапатталды. Сондай-ақ ардагер ұстаздар мен жаңашыл ізденісімен көзге түскен бір топ мұғалімнің есімі «Елордалық білімнің алтын қоры» атты кітапқа енді.

Мерекелік бағдарлама соңы думанды ән-күйге ұласты.



АҒАШТАН ТҮЙІН ТҮЙГЕН...

» Ұстаз – ұлы тұлға. Осы сөзді кім айтса да біліп айтқан. Балаға тәлім-тәрбие беріп, оның арман-қиялын көкке шарықтататын да ұстаз. Сондай құрметке лайық жанның бірі деп №34 орта мектептің технология пәні мұғалімі Мереке Акишевті айтар едім.

Мен Мерекені біраз жылдардан бері білемін. Артық сөзге жоқ, мінезге бай, сабырлы адам. Нағыз педагог осындай болар. Бала жанын терең түсінеді. Оның үстіне өзі ағаштан түйін түйген шебер. Халқымыздың саф өнерін бүгінгі ұрпаққа жалғап жүрген «алтын көпір» деп айтамын.

Мереке аталған білім ордасында біраз жылдардан бері жұмыс істейді. Ол оқушыларға технология пәнінен сабақ беріп қана қоймай, «Қазақ қолөнері» деген үйірме ашып, жеткіншектерге шеберлік өнердің қыр-сырын үйретеді. Бұрынғы бабаларымыз жасаған бұйымдарды қайта жаңғыртып, жас ұрпаққа ұлттық өнердің дәнін сеуіп келеді. Қазір оның шәкірттерінің қолынан шыққан бұйымдар қалалық, республикалық көрмелерге қойылып,

көпшіліктің көңілінен шықты.

Жалпы, бұл білім ошағында оқушыларды кәсіпке баулу жақсы жолға қойылған. Мәселен, Ғалия Желеубайқызы, Нұрсұлу Балташқызы, Айнұр Жексенбекқызы, Қорлан Болатбекқызы, Гүлжан Еркінқызы деген мұғалімдер тегін үйірме жұмыстарын жүргізіп, балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға белсенді үлес қосып келеді.

Қазір оқушылар мектеп қабырғасында жүріп бір кәсіпті меңгеру туралы сөз жиі айтылады. Бұл бағытта аталған мектептің қолға алынған жобалары сүйсінеті. Білім ұжымы 2017 жылы «кәсіпкерлікке даярлау мектебі» атты жобаны қорғап, «Самғау» инновациялық жобасына енді. Сайып келгенде, мектеп ұстаздары оқушыларға сапалы білім бере отырып,



оларды кәсіпкерлікке негіздеу арқылы болашағына жол көрсетуді көздейді.

«Біздің мақсатымыз – барлық баланы кәсіпкер қылып шығару емес, өмірге бейім, өзін-өзі кәсіби анықтай алатын бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу. Әр ұстаз өз шәкіртіне сеніммен қараса ғана баладан үлкен адам шығады. Соңғы екі жыл ішінде оқушыларымыздың жұмысы қала және республикалық көрмелерге ұсыныл-

ды» деді мектеп директоры Дидар Рахимберлина.

Сөзіміздің басында Мереке Балғабайұлы туралы қысқаша ғана айттық. Ондағы негізгі ойымыз: Мұғалімдер күні мерекесінде үн-түнсіз, дабырасыз еңбек етіп, оқушыларға ұлттық қолөнердің сырын үйретіп жүрген ұстаз туралы бір жылы сөз арнау еді.

Оспан СҮЛЕЙМЕНОВ, ҚР білім беру ісінің үздігі

САУАЛНАМА

» Өмірде «ғалым да, шахтер де бас иетін» мамандық – ол ұстаз. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин: «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деп айтқан екен. Күз мезгілінің жайма-шуағымен мұғалімдер мерекесі де келді. Соған орай біз ұстаздарға:

1. Сізге мұғалімдер күні несімен ерекше?
2. Сізді білім саласындағы қандай мәселе толғандырады?» деген екі сауал қойған едік.



Ернур ОМАРХАНОВ, №76 мектеп-лицейі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:

1. Елімізде мереке көп болғанымен, ұстаздардың кәсіби мерекесінің жөні бөлек. Мен оны халықтық мейрам санаймын. Себебі әр отбасында бала бар. Ол жеткіншек мектепке келіп, ұстаздың алдынан білім нәрін алады. «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деген хакім Абай атамыз. Өз басым бұл мерекені өте жақсы көремін.

2. Қазір педагогтардың біраз мәселелері мемлекеттік деңгейде шешіліп жатыр. «Мұғалім мәртебесі» туралы заң алдағы қаңтардан күшіне енеді дейді. Сол заң ұстаздардың құқықтық, әлеуметтік мәселелерін мүмкіндігінше шешеді деп ойлаймын. Алайда Нұр-Сұлтан, Алматы секілді қалаларда жас мамандарды баспана мәселесі қинайды. Сондықтан бұл проблема да назардан тыс қалмаса деймін.

Бүгінде жаңартылған білім мазмұнына көшіп жатырмыз. Сондықтан бас шаһардағы білім ошақтарының аздығы ойлантанды. 1200 балаға арналған мектепте 3000 бала білім алады. Бұл оқу процесіне кері әсерін тигізеді. Оқушыларға қосымша сабақтар жүргізуге кабинет тапшы. Сосын мұғалімдер жүктемесі тым жоғары. Осы мәселелер ретімен шешілсе екен.



Рабиға ШАХАТОВА, №51 мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:

1. Мұғалімдер күні – мен үшін мерейлі мереке. Бұл күн маған оқушыларымның жүрекжарды лебізімен ыстық. Одан артық қандай құрмет бар?!

2. Мені балалардың болашағы, білімі, тәрбиесі ойландырады. Өйткені қоғам алдындағы мұғалімнің жауапкершілігі жоғары. Алайда мектеп, ата-ана, қоғам алдында бұрынғыдай бірдей талап болса деп ойлаймын. Өмірдің өзі күрделеніп кетті. Бүгінгі ақпараттар тасқынын тоқтату мүмкін емес. Оның балаларға тигізіп жатқан кері әсері де көп. Содан кейін жарық көріп жатқан оқулықтардың өмірмен байланысы жақсы. Бірақ кемшіліктер де бар. Оның бәрі бір жүйеге келеді деп сенемін.

– Нұр-Сұлтанға үнемі келіп тұрасыз ба? Астанамызға келгенде сізді не толқытады?

– Әрине! Қазақтың екі жүрегі жоқ қой. Әр қазақтың жүрегін бұрып, жанын тартып тұратын бір ортақ мекеніміз болса, ол – Қазақстан! Сосын да бұл мекенге үнемі ат басын бұру дағдылы әдетімізге айналған.

Нұр-Сұлтан – әлемдегі ең жаңа астаналардың бірі. Ортасы жайлы, көрінісі әсем бұл шаһарға келгісі келетін, көргісі келетін адамдар аз емес, әрине. Осы жолы менімен бірге келген моңғолдардың, тағы да басқа азаматтардың бұл қаланы көріп таңғалып, тамсанбағаны жоқ. 20-30 жылдың ішінде осындай әсем қала салғаны – әр қазақтың мақтанышы. Ал маған Нұр-Сұлтанның төңірегіндегі жасыл орман да ерекше қуаныш сыйлайды. «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» дегендей, 100 мың гектарға жуық жерге егілген бұл орманның игілігін біз ғана емес, ұрпағымыздың ұрпағы көреді, бұйырса.

– Осы реткі форумның маңызы қандай, сізше?

– Біз Азияда жасап жатсақ та, көп жағдайда батысқа еліктеуді әдетке айналдырғанбыз. Азия шығыстағы үлкен құрлық бола тұра, өзінің айтайын деген барлық ұсыныстарын, идеяларын батыс арқылы айтып келді. Шын мәнінде, шығыстың өзінің үлкен әдеби әлемі бар. Сол әлемді ашуға алдымен ниет білдіріп жатқан мемлекет – Қазақстан. Қазақ елі бұл игілікті бастаманың алауын жақпаған жағдайда, құрлық қаламгерлерінің қарым-қатынасына жаңа жол ашылмайтын да шығар. Форумда айтылып жатқан ұсыныстар да өте керемет. Азия қаламгерлерінің өз сыйлығы, ортақ әдеби сайты болсын деген ұсынысты шараға қатысқан жазушылар қуана құптады.

Азияның үні Азияның рухымен айтылуы тиіс. Мысалы, Азияда қаншама мемлекет, қаншама ұлт, қаншама өркениет бар. Сол өркениеттің ішінде көшпелі өркениеттің орны бөлек. Алайда сол көшпелі өркениетті дәуір шаңының астында қалдырдық. Әсілі, әлем Азия арқылы көшпелі өркениетті, көшпенді елдердің дәстүрін, философиясын білуі, түсінуі керек еді. Өкініштісі, біз Азияның барлық кереметін, мүмкіндігін, ұлы өркениетін әлемге әлі толық насихаттай алмай келеміз.

– «Шұғыла» журналы шығып



АЗИЯДА ӨМІР СҮРІП, БАТЫСҚА ЕЛІКТЕЙМІЗ

жатыр ма? Қазақ тілінде қанша газет-журнал бар? Қазақ тіліндегі радио, телевизияның жағдайы қалай?

– «Шұғыла» журналы көп тиражбен таралады. 1957 жылдан бастап бүгінге дейін ешқандай үзіліссіз шығып келе жатқан, қазір қаржының тапшылығына тіреліп, бір-екі нөмірі кейіндеп жатыр.

Біраз басылымдар бар. Әйелдерге, партияларға арналған журнал деген сияқты әртүрлі журналдар бар. Бірақ олардың шама-шарқы соншама күшті емес.

1963 жылы құрылған ұзын толқындағы радио бар. Ұлан-Батырдан күніне 1 сағат бағдарлама таратады. Ал Баян-Өлгей-

дің орталығында 5-6 телеарна бар. Ұлан-Батырда қазақ тілінде күніне 30 минут ақпарат жүргізіп отыратын телеарна бар. Ал газетке келсек, алғашқыда оншақты газет болған. Қазір бір-екі газет қана қалды. Газеттердің жабылуы электронды әлемдегі бәсекеге байланысты.

– Қазақ тілінің жағдайы ше?

– Моңғолияда қазақ тіліне қазірше қысым жоқ. Сондықтан мен былай айтар едім: қазақ тілінің жағдайы Қазақстанда қандай болатын болса, Моңғолиядағы және дүние жүзіндегі 43 елдегі қазақтардың жағдайы соған байланысты. Себебі шетелдегі қазақтардың күретамыры Қазақстанда жа-

► Жақында өткен Азия қаламгерлерінің бірінші форумына Азиядағы елдерден 90-ға жуық қаламгер келді. Сөз сүлейлерінің келелі кездесуінде біз Моңғолияның еңбек сіңірген қайраткері, Моңғолия қазақ қаламгерлері қауымдастығының төрағасы, Баян-Өлгей аймағында шығатын «Шұғыла» журналының бас редакторы Сұраған Рахметұлынан сұхбат алған едік.

тыр. Неге десеңіз, қазір – интернет дәуірі. Қазақстанда айтылып жатқан барлық ұғымдар, сөзжасамдар және де сөзге қатысты өте үлкен түсініктердің барлығы шетелдегі қазақтарға да әсер етеді. Ал бұл жақта басқа тілде сөйлеп жүрген адамдардың әсері шетелдегі азаматтарды да былғайды. Бұл – тілдік трагедияға қатысты дүние.

Жақында Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында қазақ тілінің мәртебесін көтеру туралы айтты. Бұған бүкіл дүниедегі қазақтар көз тігіп отыр. Бірақ тілдің мәселесі жалғыз Президенттің қолынан келетін нәрсе емес. Оған барлық қазақ үн қосуы керек. Мен ойлаймын, бүгінгі Қазақстанның қазіргі мемлекеттік құрылымы, бүгінгі жағдайына қарап тек қана Президенттің айтуымен іс оңалмайды-ау! Себебі билікте шұбар тілділер мен мақпа тілділер тұрған кезде ешуақытта қазақ тілінің мәртебесі өспейді.

Қазақстанның бірінші байлығы – қазақ пен оның тілі! Біз үшін одан артық не бар?! Қазақ тілі бәрінен үстем тұруы керек еді. Жаны жәннатта болғыр Қадыр ағам: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деген еді ғой...

– Шетел қазақтарында сақталып қалған салт-дәстүрді құтқа-

рып қалу үшін Қазақстан Үкіметі не істеу керек деп ойлайсыз?

– Жалпы, бүгінгі өркениет – батыстың өркениеті. Бүгінгі жаһандану – ол батыстан жасалған үлкен түрен. Бұл – жолдағы құндылықтардың барлығын ластап, барлығын мансұқтайтын өте қиын ауқым. Осыдан сақтанудың ерекше жолы – мемлекеттік бағдарлама, мемлекетаралық қарым-қатынас, жалпы ұлттардың өзара бірлігі. Осыған байланысты Қазақстан мемлекетінің геосаясатының ішінде қазақтың дәстүрін сақтап қалудың, қазақ тілін сақтап қалудың ең үлкен құпиясы жатуы керек. Бұл – Президенттің, Үкіметтің қолындағы жұмыс. Ал оған түрткі болатын, оны күнделікті айтып, күнделікті ескертіп отыратын бір үлкен фактор бар, ол – Парламент. Парламент ешқашан басқа тілде сөйлеуге болмайды. Парламент басқа тілде сөйлейтін болса – ми басқа тілде сөйлеп тұр деген сөз. Сондықтан парламент сайлауы кезінде ана тіліне жақсы сөйлейтін адамдарды ескеру керек.

1980 жылға дейін Баян-Өлгейде үлкен көш, салтанатты түйелі көш, киіз үй, ошақ, бие бау (қазір азайып келе жатыр) бәрі бар еді. Қазір азайды. Болашақта тарпы да қалмауы мүмкін. Қазақстандағы телеарналар осыны ескеріп, түсіріп алса жақсы еді. Әлемде сүттен 270 түрлі өнім істей алатын әйел – қазақтың әйелі. Басқа еш жерде олай істей алмайды. Қазақстанда соның қаншасы дәріптелді?!

– Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Архив-2025» бағдарламасы аясында шетелдегі қазаққа қатысты деректерді жинау айтылды. Моңғолияда моңғол тілінде жазылған қазаққа қатысты деректер бар ма?

– Мемлекет тарих жасайды, оны тасқа таңбалағандай қағазға түсіріп, мұрағат жасайды. Мұны мемлекетшілдіктің ең қарапайым дәстүрі деп айтуға болады. Шетелде қазаққа қатысты жиналмай жатқан дерек өте көп. Соның бірі – Қытай. Моңғолияда да бар. Оның аударылып шыққандары да, шықпайтын құпиялары да бар. Оның көбі біздің қолымызға түсе бермейді. Сондықтан оны екі мемлекет келісім арқылы шешпесе, жеке адамдарға олар архив ақтартпайды.

Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ҚҰРТТЫҢ ҚҰДІРЕТІ

– Мұқа, қымыз туралы өлеңіңізді оқығам, енді «Құрттың құдіреті» деген жыр жазуыңызға себеп болатын бір әңгіме айтып берейін, – деп профессор Бостан Шахманов Алматыда ақын Мұхтар Шахановтың шаңырағында мынадай әңгіме айтқанына куә болып едім.

– Астанадағы кезіміз еді, бір күні кеште Алматыдағы ұлым Нұрлан келді. Қасында көмірдей кара негр жігіт бар. «Менің досым, Франциядан, аты – Джон» деп таныстырды. Джон аздап орысша біледі екен, әрнені айтып әңгімелесіп отыр едік, бір уақытта:

– Аға, сіз ауыл шаруашылығы маманы екенсіз, сіз маған 2 тонна құрт тауып бере аласыз ба? – деп қалды.

– Оу, сонша көп құртты қайтейін деп едің? – дедім таңданы-

сымды жасыра алмай.

– Егер таба алсаңыз, сіз де, мен де бір-ақ күнде миллионерге айналамыз, – деп тіпті қызықтырды. Сөйтсем әңгіме былай екен:

Содан бір-екі жыл бұрын Қазақстанға француз ғалымы сапарлай келеді. Қазақстаннан қайтарда бір танысы қазақ салты деп бір уыс құртты әлгі ғалымның жанқалтасына салып береді. Ұшақта құрттың дәмін алып, құнығып алған ғалым кейін АҚШ-қа сапарлай барғанда да жанқалтасынан құртты тастамай жүрсе керек, жиын кезінде қасында отырған америкалық досының қалтасына 3-4 құрт сала салады. Әлгі жігіт жиын тараған соң қалтасындағы өмірі көрмеген ақ түсті затты байқайды. Иіскеп көреді, иіс жоқ, «апыр-ау, бұл не нәрсе?» деген оймен әлгі досына телефон шалса, байланыса алмайды. Ол кезде АҚШ-та күйдіргіш вирус та-



рап жатқан кезі екен де, әлденеден сезіктенген ол құртты лабораториялық сараптауға береді. Бірақ ойламаған жерден зертхананың тексеру нәтижесі әлгі жігітті қайран қалдырады: «Бұл затта адам денесіне қажетті нәрлі құрамдардың бәрі бар және олар ешқандай өзгеріссіз сақталған, бұл – біздің ұшқыштар үшін табылмайтын азық. Бұл, сірә, не нәрсе?» деген қорытындыны көрген соң дереу Франциядағы досына телефон шалып, мұның не зат екенін, қалай дайындалатынын және дайындау технологиясын сұрайды. Бірақ жүрерде ғана алған сәлемдемесінің айтуы әйтеуір жейтін

тағам екенін білетін, қалай дайындалатынын бейхабар ғалым оған жарытып жауап бере алмайды. Десе де, қайдан алғанын айтпай, «көбірек тауып беруге» келіседі. Джон сол ғалымның тапсырмасы бойынша келіпті...

– Ой, мынау рас, үлкен ой арқа лаған әңгіме екен, – деп Мұхтар қарағана күлді...

«Алты малта ас болған» деген тіркес қазақ тілінің сөздік қорында ежелден бар. Ер жүрек балаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін, жерін қорғағанда, «етігімен қан кешіп, ер тоқымын жастанған» жанталасты күндерде алты малтаны ас етіп, неше күн нәр таппай жүргенін ескерсек, шетелдіктер пәтуасының еш қатесіз екеніне күмәніміз қалмайды. Әрине, құрттың қазақтың тағам мәдениетіндегі орны бөлек. Бір құрттың өзі неше түрлі ауруға ем екенін айтпаған күннің өзінде құрт мүжу баланың жетілуіне де ерекше ықпал етеді.

Бірде қытайлық дәрігерлер әр

ұлт балаларының тісіне зерттеу жүргізіп, қазақ балаларының тісі ерекше берік әрі жақсы жетілетінін байқаған. Мұның себебін іздеген мамандар ең соңында қазақ балаларының тісінің берік болуындағы себеп қазақтардың баласына кішкентай кезінен бастап құрт мүжітетінімен байланысты деп қорытынды шығарған. Ал құрттың құрамын тексеріп, зерттеген осы заман ғылымы да оның адам ағзасына аса пайдалы екенін айрықша атап отыр. Алайда сол қасиетті құрт әлі де қазақтардың дастарқанынан аса алмай отыр. Қазақстанға саяхаттай келген туристерге ұлттық тағамымыз ретінде де жүйелі таныстыра алмай жүрміз. Құрт өндіретін зауыттар ұшқындап құрылғанымен, оның дәмі, құнары қолмен жайылған құртқа жетпей тұр. Құрттың құдіретін ұлттың құдіреті ретінде таныстыруды да назардан қағыс қалдырмағанымыз дұрыс.



» Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаз жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек» деген уәжі ана тілімізге қатысты ойымызды қайта жандандыруға түрткі болды.



Дархан МЫҢБАЙ,
Парламент Мәжілісінің
депутаты

ДАҢҒАЗА ЖАСАМАЙ ЖҮРГІЗЕТІН ЖҰМЫСТАР

Осы ретте көкейкесті мәселенің бірі – мемлекеттік тілді цифрлық технологияға көшіру жайы. Дәлірек айтсақ, даңғазсыз, дабырайтпай, жұрт болып жұмылатын істер – аса қажетті компьютерлік бірыңғай бағдарламаны әзірлеу және оны бүкіл еліміз бойынша жаппай, ақысыз тарату жағын ойластыру. Соның ішінде мемлекеттік тілге қатысты кез келген жаңа жобаларды меншік түріне қарамастан барлық бұқаралық ақпарат арналарында, әлеуметтік желілерде жан-жақты түсіндіріп, насихаттауды міндеттеу.

Біріншісі – мемлекеттік тілде сауатты жазуға мүмкіндік беретін, емле ережесіне қатысты қателерді іздеп табатын компьютерлік бағдарлама.

Екіншісі – дауыс таспасын (аудио) мәтінге айналдыратын арнайы дыбыстық конвертер. Мұндай оңтайлы әрі тиімді тәсіл көптеген елдерде бұрыннан қолданылып келеді. Оның аударма үшін де артықшылығы мол.

Бүгінгі мемлекеттік тіл үшін ауадай қажет осы екі бағдарлама да қазақ тілінің қолданбалы-практикалық даму беле-сін анықтайды. Мұны сөзден іске көшудің нақты жолы деп білеміз. Мұндай бағдарламалар мемлекеттік тілде сөйлеуді ғана емес, жазуды да тезірек үйретеді. Сонымен бірге, іскерлік сөздік қорын түзуге, оны пайдалануға кең мүмкіндік туғызар еді. Бұған қоса, мемлекеттік тіл бойынша ілеспе аударманың (синхронды) стандарттарын бекітіп, осы сала мамандарын даярлайтын еліміздегі жоғары оқу орындарына арнайы мемлекеттік тапсырыс белгілеуді маңызды деп есептейміз. 1925-1927 жылдары Халық ағарту министрі болған көрнекті қайраткер Смағұл Садуақасұлы: «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ету – билік басындағы бір-екі төренің емес, әрбір қазақтың намысына байлаулы іс» деп жазған екен. Осы сөздің астарын терең ұғынсақ, қазір мемлекеттік тіл үшін жауапкершілікті тек мемлекетке емес, әр отбасының, әрбір Қазақстан азаматының мойнына жүктеудің артықтығы жоқ деп ойлаймыз.

Бұл міндетті шешуде азаматтық қоғам институттары

Көкейкесті мәселенің бірі – мемлекеттік тілді цифрлық технологияға көшіру жайы. Дәлірек айтсақ, даңғазсыз, дабырайтпай, жұрт болып жұмылатын істер – аса қажетті компьютерлік бірыңғай бағдарламаны әзірлеу және оны бүкіл еліміз бойынша жаппай, ақысыз тарату жағын ойластыру

белсенділік танытуға тиіс. Яғни түрлі үкіметтік емес ұйымдарға, отбасылық, қоғамдық жобаларға, бірлескен форумдарға, тіл тазалығын сақтау шараларына және әлеуметтік сауалнамаларға тиісті гранттар қарастыруға болады.

Үшінші жұмыс. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның» орындалу мерзімі де аяқталып келеді. Оны ұзарту немесе жаңасын әзірлеу барысында бұған дейінгі бағдарламаға енген бірқатар науқандық немесе бір реттік шаралар мен түрлі байқаулардан арылып, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға сәйкес келетін және халықты көбірек қамтитын онлайн-семинарлар, тренингтер өткізуді, қашықтықтан оқыту, дуальды білім беру жүйелерін жолға қойса, құба-құл болар еді.

Осы нақты үш жұмысты жұмыла атқарсақ, күн тәртібінде мемлекеттік тілдің мәртебесін күшейтудің, латын әліпбиіне көшудің тиімді шараларына, электрондық БАҚ-тарда, әсіресе, балаларға арналған хабарларды барынша көбейтуге, көркем аударма саласын одан әрі байыту мен жүйелеуге, тіл тазалығын сақтауға қатысты тиімді тетіктердің өздігінен қосылып, мемлекеттік тілдің өрісі кеңейетіні сөзсіз деп ойлаймыз.

ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІНІҢ ДАРАБОЗЫ

» Ұлттық академиялық кітапханада қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалаған жазушы Кемел Тоқаевты еске алуға арналған «Дидары дүниенің – детективте» деген әдеби кеш өтті.

Азамат
ЕСЕНЖОЛ

Жазушы әдебиетке ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасымен келді. Оның алғашқы жинағы 1954 жылы «Жұлдызды жорық» деген атпен жарық көрген. Содан бастап қаламгердің шығармалары оқырмандардың оң ықыласына бөленді. Әдебиет сүйер қауым Кемел Тоқаевты қазақ детективінің негізін қалаушы деп біледі. Сөз зергерінің «Түнде атылған оқ», «Қастандық» деген туындылары оны бұл жанрды жоғары көркемдік деңгейге жеткізген автор ретінде танытты.

Әдеби кешке келген зиялы қауым өкілдері жазушының шығармашылығы туралы парасатты ой қозғады.

Белгілі қаламгер Алтыншаш Жағанова Кемел ағаның мінезі биязы, мәдениетті адам екендігін айтса, ақын Баянғали Әлімжанов қаламгердің кітаптарын қызығып оқығанын әңгімеледі.

«Сағат Әшімбаев ағамыз бір күні детектив жанры жөнінде мақала жазуды тапсырды. Сонда байқағаным, оқырмандардың 60 пайыздан астамы көркем шығар-



мадан гөрі детективтік жанрдағы кітаптары оқиды екен. Соның ішінде алғашқы кезекте Кемел ағамыздың туындылары тұр. Ол кісінің повестерін талдап, салыстыра отырып, көлемді мақала жазып шықтым. Өмірде ағаның көзін көрдім. Әңгімені өте қызықты, тартымды айтатын» деп өткен күннен естелік өрбітті.

Танымал ғалым Тұрсын Жұртбай суреткердің шығармасы

арқылы бір кино түсіруге болады деген пікірін айтты.

«Кемел Тоқаевтың киноға шығаратын кемел бейнесі бар. Адамның қасиеті болмаса жазушы болмас еді. Маған Кемел ағаның «Соңғы соққы» романы ұнады. Сызып тұрып, өте қызығып оқыдым. Бірқалыпты, ұстамды жазылған шығарма» деді. Ал дарынды сатирик Көпен Әмірбек:

– Кемел Тоқаев – өзінің дара жолын тапқан жазушы. Қазақ әдебиетіне шытырман оқиғалы детектив жанрын алғаш әкелген қарымды қаламгер ретінде қоғамға танылды, есімі жұрттың есінде қалды. Шығармашылық талантымен бірге бойындағы тазалық, адалдық, шыншылдық қасиеттерімен дараланды. Шығарманың ерекшелігі сондай, кездесулерде жиылған жұрт басқаға сұрақ қоймаса да, Кемел ағамызға сұрақ жаудырып, алғыстарын айтып жатады, – деп сөзін қорытты.

Түйіндей келгенде, өмірде жазушылығымен қатар адамдық қасиетімен де үлгі болған ардақты азамат туралы айтылар дүние көп екендігіне көзіміз жетті.

ЖЕТІМНІҢ АҚЫСЫН ЖЕУ ҚАШАН БОЛЫП ЕДІ?

» Қалалық Тексеру комиссиясы бірқатар техникалық және кәсіптік білім беру ошақтары мен бірнеше мәдени мекемеде заңға қайшы әрекеттер мен кемшіліктерді анықтады. Бұл мемлекеттік тапсырысты іске асыратын 14 мәдени нысан мен 11 колледжде жүргізілген аудит қорытындысында белгілі болды.

Мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы Шынар Байсейітованың айтуынша, аудит кезінде жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар сыртқы киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ заттар мен қондырғылармен және өтемақымен толық көлемде қамтамасыз етілмегені анықталды. Заңбұзушылықтың жалпы сомасы 1,2 млн теңгені құрады.

«Тексеріс барысында мүмкіндігі шектеулі балаларға тамақтануға бөлінетін қаржы толық көлемде төленбегені анықталды. Мәселен, Көпсалалы колледжде оқитын осы санаттағы балалар жартылай ғана ыстық тамақпен қамтылған. Қорытындысында төленбеген қаржының жалпы сомасы 1,7 млн теңге болды. Кәсіптік-техникалық колледжде 2017 жылдың қаңтарынан мемлекеттік стипендияны дұрыс есептемегендіктен студенттер 3 млн теңгеден астам сомаға кем алған. Әсіресе, мемлекеттік тапсырысты іске асыратын жекеменшік колледждерде өрескел заңбұзушылықтар орын алды» деді бөлім басшысы.

Атап айтқанда, Көлік колледжі жетім балаларға жоғарылатылған стипендияны 900 мың теңгеге кем төлеген. Бұған қоса, екі жекеменшік колледж каникул кезінде студенттерге жол жүру үшін өтемақы төлемеген. Бірақ Білім және ғылым министрлігінің түсіндіруінше, мемлекеттік тапсырыс аясында оқитындарға бұл өтемақы толық көлемде төленуі керек.

Спикердің сөзінше, жатақхана-



лардағы орын тапшылығы мәселесі әлі де өзекті. Мәселен, 12 мемлекеттік колледждің сегізінде, 23 жекеменшік колледждің де сегізінде ғана студенттерге жатақханалардан орын беріледі.

Бүгіндері елордада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында колледж студенттерін хостелдерге орналастыру қанатқақты жобасы жүзеге асырылып жатыр. Өткен жылы жергілікті бюджеттен 75,7 млн теңге бөлінді. Бұл қаржы 860 студентті хостелдерге орналастыруды көздеді. Хостелдер де тексеріліп, қорытындысында бөлмелерде төрт адамнан тоғыз адамға дейін тұратыны, студенттердің қауіпсіздігі тиісті дәрежеде емес екені анықталды. Асүйде тоңазытқыш пен тамақ пісіретін плита, бұған қоса, Wi-Fi мен телефон байланысының жоқтығы анықталды. Өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-эпи-

демиологиялық қызметтері де хостелдердің жұмысына оң шешім шығармаған.

Мәдени ошақтарда ақпараттық жұмыс тиісті деңгейде емес екені анықталған. Мәселен, кейбір ұйымдарда бюджет қаржысына сатып алынған ақпараттық қызметкерлер бос тұрғаны, кейбір сайттарда ақыл қызмет жөнінде ақпарат орналастырылмағаны белгілі болған.

Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпымбаевтың айтуынша, 3-4 жылдан бері аудит өткізілмеген мекемелер бар. «Егер сұрақтар туындап жатса, оларға жауап беруге дайынбыз. Бастысы, бюджеттік тәртіпті көтеру керек. Ал егер біздің ұсыныстарымыз дер кезінде орындалмаса, заңсыздыққа жол бергендер айыппұл төлейді» дейді ол.

Фарида КАРИМОВА

Жақында белгілі ғалым Жамбыл Артықбаевтың қалың малды жаңғырту қажеттігі туралы мақаласы жарық көрді. «Қалың мал туралы бізде теріс пікір қалыптасқан. Оған себеп те бар. Қазақ отбасы XIX ғасырдың ортасынан бастап бірнеше үлкен соққыны бастан өткерді. Біріншіден, әскери отарлаудың барлық қанды оқиғаларын бастан кешірді. Екіншіден, сауда капиталы мен өсімқорлық енді. Үшіншіден, осы екеуі қосылып, қазақтың көп бөлігі кедейленді.

Айгул УАЙСОВА

Осы себепті отбасы және неке жүйесінің дағдарысы басталды, әлеуметтік проблемалар күшейді, әйел тағдыры ауырлады. Сауда капиталы қазақ әйелін тауарға айналдыра бастады. Қазақтың уақытында төленбеген қарызы үшін татар мен сарт саудагерлері қыздарын, қатындарын әкететін болды. Кедейлік қамытынан құтыламыз ба деп қазақ қыздарын «қалың мал» деген сылтаумен сатуға айналды.

Бұл мәселелердің түбіне бойламаған қазақтың алғашқы жазушылары қалың малды жау көрді. Қазақ газеттерінде жас қыздардың егде тартқан адамдарға тұрмысқа шығуы, кедей қыздарының тоқал болып басқа үйдің табалдырығынан аттағанда көрген бейнеті барынша сыналды. Әрине, сұрқай көріністер бар еді. Осыны пайдаланып Кеңес өкіметі 1920 жылы «Қалың малды жою» туралы декрет қабылдады. Ал қалың мал қазақтың отбасы мен неке қарым-қатынастарының негізгі арқауы болатын. Бұл жерде мен Ресей генштабының полковнигі,



ҚАЛЫҢСЫЗ ҚЫЗДЫҢ ҚАДІРІ БОЛА МА?

аналитик М.Красовскийдің 1868 жылғы жарияланған пікірін ұстауымыз: «Этот уплачиваемый же-

нихом капитал в вещах, деньгах, скот и прочее называется калымом. Он нужен отцу отпускаемой

замуж, часто даже без ее согласия, дочери, во первых, как доказательство состоятельности жениха, другими словами – отцу невесты надобно убедиться в том, что будущий зять наделен от своего отца имуществом и следовательно в состоянии содержать семейство. Во вторых, чем больше калым, тем труднее выплатить его сразу, а уплачивая по частям и притом всегда лично, жених... в период уплаты калыма, часто посещая невесту и имея достаточно времени для того, чтобы сойтись с нею, он в тоже время по обычаю должен... привозить с собою подарки для родственников невесты; таким образом, знакомство или, вернее сказать, тамырство между двумя, прежде может быть совершенно чуждыми, родами с каждым днем все более и более упрочивается. В-третьих, при помощи калыма у иных бедняков устраивается приличное приданое, которое, таким образом, несколько и никогда не уступает калыму, а у многих даже превосходит его (отау үй де жасау құрамына кіреді – Ж.А.). Женино же приданое, по обычаю народному, священно: оно ни в каком случае не может быть отчуждено в пользу детей киргиза от другой жены, или в чью-либо пользу, но всегда составляет неотъемлемую собственность жены, за которую взято, и ее потомства, так что хотя приданое иногда делается собственно и на счет жениха, но между тем дело это в таком виде не выглядит, и последний, при разладе с женою, никогда на ее имущество не посягает... Калым, в сущности, должно считать одною из обдуманнейших мер обеспечения семейства, одним из лучших обычаев полудикого народа». Мен қалың малға қатысты осы М.Красовскийден мықты жазған адамды оқығаным жоқ. Қазіргі күні қалың малды жаңғырту қоғамды жаңғыртудың бір құралы болуы мүмкін. Неге десеміз, қыз құнды болады. Бұл – басты мәселе. Екіншіден, қалың мал дегеніміз – бір бөлмелі үй, егер сіз қырық жеті төлесеміз, қырық жеті шаршы метр отау аласыз, отыз жеті төле-

сеңіз – отыз жеті шаршы метр, жиырма жеті төлесеміз – жиырма жеті шаршы метр, яғни жас отбасы бірден шағын үйге ие болады. Қалың мал жинау әр қазақтан меншік иесі болуды талап етеді, яғни әлеуметтік жауаптылық күшейеді, әр қазақ меншік иесі болу үшін күреседі» деп аяқтапты.

Ә дегеннен тарихшының ойын құптай кеткендер шамалы болды. Ұзын-сонар талқыға да түскен жоқ. Түсінікті де. Қызға қалың беру көп адамға ерсі көрінеді. Өз қызын сатты деп сынайтындар да бар. Бұл ретте, адам саудасы емес, жас отбасының материалдық жағынан қолдаудың бір жолы екенін ойламайды. Қалың беріп, қыз алған ұтылмайды. Берген «малы» жасауы болып қайта оралады.

Жалпы алғанда, «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз жоқ» деп бұл дәстүрден қол үзбей келе жатқандар аз емес. Соның бірі – оңтүстік, батыстағы ұлт дәстүрін берік ұстанған облыстың тұрғындары арасында бұл дәстүр үзілген жоқ, қал-қадерінің қалың беріп, жасаулатып келін түсіріп, қыз ұзатып жатыр. Статистика бойынша осы өңірлерде ажырасу да аз екен.

Қалың төленген қыздың қадірі болады. Мұндайда адам алып жатырмын ғой деп қайын жұрты тартынбаған. Келсе де, кетсе де бар-жоғы білінбейтін қадірсіз емес, кәдесі жасалған келін түскен жеріне тез сіңіп кетіп, артына қарайламауына да қалың малы әсер етеді.

Қалың малдың тағы бір салмағы бар. Жат жұрттық тәрбиелеп отырған ата-ананың жауапкершілігі артады. Қыздың бей-берекет жүрісіне тыйым салынады, отбасындағы орнына мән беріліп, болашақтағы үй-жайдың иесі ретінде өз рөліне дұрыс қарай бастайды. Яғни тұрмысқа шығу базар аралап келгендей емес, өте жауапты қадам екенін сезінетін болады. Мұндай жағдайда «жараспаса ажырасар» деген сөз мүлдем ұмытылады. Осы сөз көп шаңырақтың опырылып, ортасына түсуіне себеп болып жүргені өтірік емес.

СУИЦИД: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ

Қазіргі қоғамның дертіне айналған жасөспірімдер арасындағы суицид рухани қасірет қана емес, ел экономикасы үшін де үлкен шығын екені анық. Өйткені жас өскіннің өз-өзіне қол жұмсауы елдің болашақтағы белсенді азаматтарынан айырылып, оның демографияға салқыны тимей қоймайтыны белгілі.

Жадыра МҰРАТБЕКОВА

Ресми деректерге сүйенсек, елімізде жыл сайын 200-ге жуық жасөспірім өз-өзіне қол жұмсайды екен. Бұл – тек тіркелген жағдайлар ғана. Ал тіркелмегені қаншама деңгейде...

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз Жолдауында отбасы мен бала институтын қолдау мәселесіне ерекше тоқталды. Президент жекелеген мемлекеттік бағдарлама жасалуы керектігін айтты. Оған жан-жақты салалар бір кісідей атсалысуы керек. Оның ішінде педагогика саласы, білім мен мәдениет, сондай-ақ ішкі істер қызметкерлері, ата-аналар осы кеселге қарсы жұдырықтай жұмылуы тиіс. Яғни отбасының мәртебесін, институтын қолдау арқылы осы қауіпті кеселмен күресуге болатынын айтты Мемлекет басшысы.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық

статистика және арнайы есеп комитетінің мәліметінше, былтыр елімізде 3542 суицид жасалса (оның 178-і – кәмелетке толмағандар), 4234 адам өзіне-өзі қол жұмсауға әрекет еткен. Статистикалық мәліметке сүйенсек, мұндай сұмдық жағдай бойынша өзге өңірлермен салыстырғанда елорда алғашқы орында екен. Мұнда биылдың өзінде 128 суицид орын алған. Бұл осыдан бір жыл бұрынғыға қарағанда 82 пайызға артқан.

Әлбетте, әр адамның өмірінде неше түрлі қиындықтардың болып тұратыны белгілі ғой. Өзіміз куә болған сондай жағдайдың бірі ҰБТ сынағынан екілік алған бала мұғалімінен қорыққанынан асылып қалғысы келген. Өкінішке қарай, суицидке баратындардың көпшілігі – осындай 18-ге толмаған жастар.

Әлеуметтанушы-ғалымдар суицид жасау қаупінің өсу дең-



гейіне өмірлік құндылықтар мен әлеуметтік жағдай ықпал етеді деп есептейді.

Қазақстандағы бұл дерттің көп болуы қоғамның өтпелі, транзиттік сипатымен байланысты екенін айтады әлеуметтанушылар. Жалпы, суицидті дер кезінде танып, осындай теріс жайттардың алдын алу үшін жан-жақты ақпарат беру, түсіндіру, мәселенің мәніне бойлау, талдау, сараптама жасау қажет. Осы тұрғыда елордада оқушылар мен студенттер арасында кішігірім сауалнама жүргізілді.

«Бос уақытта немен айналысасыз?» деген сауалға жастардың көпшілігі әлеуметтік желілерде өткізетіндерін айтты. Осыдан барып ата-анамен қарым-қатынас күрделенеді деп ойлаймын. Ал демалыс сәттерінде теледидар көретіндер, кітап оқитындарға қарап осының өзіне қуану керек сияқты. Бірақ спортпен айналысатындар, өкінішке қарай, тым аз болып шықты.

Келесі «Қиын жағдайға тап болсаңыз, кімнен ақыл-кеңес сұрайсыз?» деген сұраққа жауап берушілердің 50 пайызы ата-анасынан ақыл сұрайтындарын, кейбірі достарының пікіріне жү-

гінетінін, енді бірі өз мәселесін өзі шешетінін жеткізді.

Суицидке барудың себебі неде дегенге жауап іздеп көрсек, оған эмоциялық күйзеліс пен отбасы мәселесі, қаржы тапшылығы, зорлық-зомбылық, мінез-құлықтың бұзылуы және тағы басқа да алғышарттардың болатыны анық. Психологтар жасөспірімдердің эмоциялық жағдайына назар аударып, мінез-құлқын мұқият бақылап, қадағалап жүрсе, суицид белгілерін дер кезінде тануға, оның алдын алуға болады деп санайды.

«Асылында, ислам діні суицидті мүлдем құптамайды. Өйткені адамға жан аманат етіліп берілген. Нағыз мұсылман бақытқа кенелсе, «шүкір» деу керек. Қайғы-қасіретке тап келсе, «сабыр» деуі керек. Ендеше аты жаман бұл дерттен құтылудың бір жолы – балғындарды ерте бастан имани тәрбиемен сусындатқан абзал. Үнемі дастарқан басында сұхбаттасып, ұлттық тәрбиеден қол үзбеу» дейді имамдар.

Мемлекет басшысы да өз сөзінде: «Отбасы институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру, балалардың құқығын қорғау жұмысымыздың басты міндеті болуы керек. Жасөспірімдер арасындағы суицидтің көбеюі бізді алаңдатуы тиіс» деген болатын.

АЛҒАШҚЫ ЖҮЗДЕСУ

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңына таман Торғай облысы жабдылып, оның Жарқайың, Есіл, Жақсы, Қима аудандары Ақмола өңіріне қосылған кез. Таңертеңгі лездемеден кейін «Коммунизм нұры» (қазіргі «Арқа ажары») аталатын облыстық газеттің басшысы Октябрь Әлібеков, фототілші Орынбай Балмұратов және мен жаңадан қосылған Қима ауданына жолсапарлатып шықтық. Шілденің аптап ыстығы таңнан ми қайнатып, аңқаны кептіріп тұрған. Содан да жол етгенділеу редакторымызға қиын болды. Бірақ онысын сездіргісі келмейді. Алып шыққан аздаған суымыз да ауыз шаюдан әріге жарамай таусылып қалды. «Мынандай күнде жолға шығып неміз бар еді!» деп біздің де берекеміз қаша бастаған еді. Соны сезгендей Жақсы ауданының тұсына таялғанда Октябрь ағамыз:

– Бұрын Торғай облысы құрылмай тұрғанда біз бара жатқан Қима ауданы Целиноград облысының құрамында болған. Енді өзімізге қайта қосылып отыр. Мұндағы Восход аталатын совхоздың жерін ел ежелден Балталы-Бағаналы жұрты атақонысы етіп келеді. Сол қалың ел өздерінің осы өңірге табан тірегендерінің 160 жылдығын атап өтпекші. Енді біраз жүріп Қимаға жетсек, мына ыстық күннің азабынан да құтыламыз, жаңа жұрттың жақсылығымен танысып, ізгі адамдарымен қауышамыз. Бұл да біз көрген бір ғанибетті іс болмақ, – деді. Мұнысы енді бізді төзімге шақырғандағысы сияқты естіді.

Жол азабы жүрсен бітеді. Ақыры Қима ауданының орталығына жетіп, партия комитетінің алдына тоқтадық. Бізді шашы көмірдей қара, аққұба өңді, қырықтардың қырқасына көтеріліп қалған дембелше келген жігіт ағасы қарсы алды. Өзін аудандық партия комитетінің хатшысымын деп таныстырған ол асханадан жан шақыртып, әлі де мына жақта біраз шаруалары бар екендігін ескерте, бізді Восход совхозына барар жолға салып жіберді. Ол ауылдың атаулы тойы есте қаларлықтай болып өткен еді. Әр шаруашылықтан киіз үйлер тігіліп, ат жарысы, балуандар күресі, ақындар айтысы сияқты небір қызықты шаралардың күсі болғанбыз. Бұл жайында сол кезде газетімізде көз көрімді көлемді мақала жарияланған-ды.

Содан бері арада талай жылдар өтті. Тоқсаныншы жылы Торғай облысы қайта ашылды. Ал облыс, аудан басшылары құаттаған, ал бізді алғаш Қима жерінде қарсы алған Айтбай Қайырбекұлы мойнына алған осы бір игілікті шара араға 30 жыл түскенде санада қайта жаңғырды. Яғни өзіме тетелестей Айтбай ағамен жүздесудің сәті қайта түсті. Бұған себеп болған Нұр-Сұлтан қалалық Ардагерлер

ӨМІР БАҚШАСЫНАН ТЕРГЕН ЖЕМІС

кеңесінен: «Елімізге қадірлі азамат жайлы толымды мақала жазсаң» деген ұсыныстың айтылғаны.

Айтекең баяғы мен көргеннен аса көп өзгере қоймаған. Жазықтау бұйра қара шашы ғана ақ күмістей жалтырап, тіпті жасына қарамай өңін ажарландырып жібергендей екен. Нағыз кемелді, келісті азаматтық тұлғасына лайық жарасымды сипат беріп тұр.

ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ ҚАЗЫҒЫ

Бардың малын тәркілеп, жоқтың шаңын қақтырған ашаршылық нәубеті иманжүзді, мінезі сабырлы, кісиге деген көңілі кең, бірақ қаріп танымаған Қайырбек ақсақал мен Әйелі Сәлима Белгібайқызының шаңырағын да айналып өтпеді. Бір күнде үш баласын қара жердің қойнына тапсырған екеуі шұбырған елмен бірге бар мұқамалы дейтін дүниелерін итарбаға салып, Есіл өзенінің бойына келіп құлаған. Құр сүлделерін сүйреткендей болып сол тұста Атарман аталған ауылға ерең жеткен. Ол кейіннен заманның ағымына қарай Новий-Бит колхозы атанған (Қима совхозының орталығы болған) қоныстың іргесінде еді. Осы жерде тұрақтаған Қайырбек үй тұрғызып, зайыбы Сәлимамен «жаратқанның жарылқағаны» дегендей, өмірге тағы да Шәймерден, Қонысбай, Айтбай деп есімдерін қойған үш ұлды өмірге әкелді.

Айтбайдың балалықтың балдәуренді шағы Есіл бойындағы бұрынғы Атарман, қазіргі Жаңажол ауылында өтті. Ауылда бастапқы кездері бірі еңістегі, екіншісі қырдағы деп аталатын екі көше ғана болатын. Үйлердің көбі тастан қаланған қазақы, шағын – ауызғы және төргі деп аталатын екі бөлмелі баспаналар-тұғын. Өйткені ауыл маңында ертеректе тас қазатын орын болғандықтан, ауыл адамдары соны құрылыс материалдары ретінде көдеге жаратқан. Тек Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейінгі 50-60-жылдарда ғана ауыл адамдарының жағдайлары көтеріліп, асар жасап, саманнан кірпіш құйып, ел болып, жұрт болып, көрші-қолаң тегіс жұмыла екі-үш күнде бір үйдің қабырғасын көтеріп тастайтын. Соның арқасында аз уақыттың ішінде ауылдағы үйлердің қарасыны көбейтіп, 50-ден асып жығылды. Осындай қарапайым отбасынан шыққан Айтбай ағамыз өмір жолын ауыл шаруашылығынан бастады, әкесіне еріп жылқы бағысты.

Ағалары Шәймерден мен Қонысбай көп жылдар бойына Қима совхозында ма-



шина, трактор жүргізушілері болып еңбек етті. Ал қара шаңырақтың түп қазығы – кенжесі саналған Айтбайдың өмір жолы бұлардан өзгеше қалыптасты.

БЕРЕКЕЛІ ЕҢБЕК БЕЛЕСІ

1960 жылы орта мектепті бітірген ауылдың бір топ баласы өзара келісіп, үлкен қиялмен Алматыға оқуға түсуге аттанды. Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне емтиханды бірсыдырғы бітіріп, сол жылдан мектепте жұмыс істей бастады. Бірақ мектептегі жұмысымен қанаана жұмыс істей алмай, келесі жылы Қима совхозына баратынын ұсынып, келесі жылы оқу орнынан босап, совхозға барды.

Бұл – Орталық партия комитетінің тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны белең алып, жер-жерлерде механизматорлар даярлайтын училищелер жаппай ашылған тұс. Бұлардың ауылдарына да Одақтың әр тарапынан орыс, украин, молдова, белорус жерлерінен келгендер көп болатын. Шетінен тракторшы, шетінен комбайншы. Айтбай да сол үрдіске салып Қимадағы училищеге алты ай оқып, тыңға келгендердің мамандығын меңгеріп шыға келді.

– Жас балаша қуанып, оқуды бітірген куәлігімді алып, әке-шешеме, ағаларыма көрсеткенім менің ең бақытты күнімнің бірі болды. Өйткені елмен бірге жер жұртып, егін саламын, ақша табамын, ер жеттім, азамат болдым деген ағалары мені ертіп Қима совхозының ұлты немесі, атақты бригадиріне ертіп

барып: «Мынау біздің ініміз, кеше ғана училище бітірді, тракторшы болғысы келеді, өзіңіз де көріп тұрсыз ғой, жас бала» деді. Ол маған бір қарады да: «Саспаңдар, мен бұдан танымал механизматор шығарамын» деді қуақылана күліп. Сосын қолымнан жетектеп әкеліп «Беларус» тракторына әкеліп отырғызды. Кең-байтақ еліміздің жан-жағынан келген жастармен бірге осылайша тың игеруге өз үлесімді қостым. 1984 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», ал 2005 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен «Тыңға 50 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталуым сол алғашқы еңбек пайдасы балағы сыптай деймін, – деді тағы бір сөз арасында Айтбай аға.

Айтбайдың болашаққа деген көзқарасы тың игеру кезінде, әр ұлттың арасында жүріп өткізген күндерде қалыптасқан десек артық болмас. Әр ұлттың мәдениетін, салтын, жақсы жақтарын өз бойына сіңіре білді. Сөйте жүре жоғары білімді азамат болып қалыптасам деген арманды да есінен шығармады. 1962 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне құжаттарын тапсырып, сәті болғанда студент атанды. Осында кейін іргелері ажырамай дос болып кеткен Құсайын Имашұлымен танысты. Жатақхананың бір бөлмесі екеуіне жайлы баспана болды. Құсайынның әке-шешесі де малшы мен сауыншы, Айтбай да сондай жылқышы мен сауыншының баласы болғандықтан шығар, әңгімелері ортақ, көбіне ел жайына қарай ойыса беретін.

– Менің өмірімнің қы-

зықты бір белесі Юрий Гагариннің туып-өскен қаласы Гжатскіні салуға қатысқаным. Оның әке-шешесі, бірге оқыған кластас достары осында тұрады. Қаланың ортасында ағаштан қиып салынған шағын мектебі де бар екен. Гагаринмен бірнеше рет кездестім. Біздің әскери бөліміміз Калуга облысының Шайковка гарнизонында тұрды. Мәскеу әскер округінде борышымды өтеп жүргенде мен партияға мүшелікке кандидат болып қабылданған едім. Саяси бөлім басшысы «әскерде қал, біздің қатарымызда өзіңдей мықты, спортшы қазақ жастары аз» деп үгіттегендерімен, үйде әкемнің кәрі, шешемнің жасы келіп қалғанын көлденең тартып, бұл ұсыныстарынан бас тартатынымды білдірдім. Егер сонда әскер қатарында қалғанымда, менен жоғары шенді офицер шығатынына еш күмән жоқ еді. Қазір запастағы майор шенім бары соның бір айғағы десем болар, – дейді Айтбай өзінің өмірлік шындалу мектебінің бір қыры жайлы толғанғанында.

БИІККЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДА

Сол кезеңнің тәртібі бойынша жоғары оқу орындарын бітірген студент-мамандар арнайы жолдамамен шаруашылықтарға жіберілетін. Айтбайдың жолы Жақсы ауданына түсті. Ауылшаруашылық басқармасының жолдауымен экономикасы мықты, осы өңірдегі алдыңғы қатарлы шаруашылық саналатын, аудан орталығына жақын Рентабельный совхозына жіберілді. Осы шаруашылықта жемісті еңбек етті, ауыл тұрғындарының құрметіне бөленді.

Айтбай Қайырбекұлының тағы бір асылы белесі 1972-1974 жылдары Жақсы аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланып, жастар арасындағы тәрбие саласында көптеген жұмыстар атқарғандығы. Комсомол алдындағы еңбегі үшін облыс, республика, Одақ көлемінде көптеген сый-құрметке бөленгендігі. Комсомолдың 60 жылдығына орай ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен және төсбелгісімен марапатталғандығы. Бұл да ол үшін үлкен табыс, абырой еді.

Айтбай Қайырбекұлы өзінің қызмет бабында, әсіресе жас кезінде Өзбекәлі Жәнібеков, Еркін Әуелбеков, Қаратай Тұрысов сынды мемлекет және қоғам қайраткерлермен кездесіп, олармен аға-інідей сыйласқанын үлкен ілтипатпен есіне алады.

– Менің өмірімнің біразы ғарыш саласымен өріледі. Байқоңырда аспанға

ұшқан ғарышкерлердің жерге табан тірейтін аймағы – Арқалық қаласының маңайы. Мен сол кезде облыстық партия комитетінің идеология бөлімінің нұсқаушысы ретінде көптеген ғарышкерлермен кездесіп, оларды жерде қарсы алып, Мәскеуге ғарышкерлер қалашығына шығарып салатын едім, – дейді Айтбай аға сол кезеңдерді ерекше жылдылықпен еске ала.

1990 жылы Торғай облысы қайта ашылып, оның бірінші хатшысы болып Кенжебек Укин, екінші хатшылығына Олег Владимирович Попов сайланды. Облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін Сергей Витальевич Кулагин атқарды.

Бір күні Қима аудандық партия комитетінің хатшысы болып жүрген кезімде Олег Владимирович телефон соқты. Өзінің бұрын білмейтін елге келіп жатқанын, екеуіміздің Алматы жоғарғы партия мектебінде оқығанымызды алға тарта: «Тағы да бірге қызмет істеуге қалайсың?» деді. Мен ойланп көрейінге бассам, ол: «Сен ойланғанша Торғайға келген бір вагон портфельден ертең ештеңе де қалмайды» деп сөзін күле аяқтады» дейді Айтбай Қайырбекұлы тағы бір сырдың шетін суыртып.

Шынында, Торғайда қызмет ету Айтбай үшін жаңалық емес-ті. Елін де, жерін де, жағдайын да жақсы білетін. Содан да көп ойланбай Арқалық қаласына келіп, Торғай облысы құрылып жатқан топтың алдынан өтіп, бірауыздан облыстық еңбек басқармасының бастығы етіп бекітілді. – Бұл кезеңде жұмыстың жүрмей жатқанын сезген Президентіміз зейнетақы төлеу мәселесін өз қолына алып, жеті сайын өзінің бекіткен кестесі бойынша облыс әкімдерін шақырып, зейнетақының уақытында төленуін назарында ұстады. Осының арқасында облысымызда зейнетақы мәселесі ай сайын алға жылжып, жағдай жақсара бастады. Өйткені облыс әкімі Президенттің алдына барарда алдымен аудан әкімдерінің есептерін тыңдап, кемшілігі көп әкімдерді қатты жазалап алатын. Бұл соның жемісі десе де болады. Өйткені Үкімет тарапынан берілетін көмектер мүлде дерлік сұйылып, ауылдағы табыстың негізгі көзі осы зейнетақы болатын, – дейді Айтбай Торғайға қайта барғандағы қызметіне қатысты әңгімесінде.

...Елу жылдан аса отасқан адал жары Тілеуліспен Айтбай аға Қайраттай қанатты, ақылман да ажарлы Дана есімді қос баланы өмірге әкеліп, олардан немере, жиендерін көріп, бүгінде солардың шуақты күлкілеріне көміліп, Нұр-Сұлтан қаласының төрінде берекелі өмірдің бесігінде тербеліп жүр.

Аманкелді ЖҰМАБЕК,
ардагер журналист,
ақын



«ҰКИ» КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАРДЫ АЙНАЛЫСҚА ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы) 2019 жылғы 2 қазаннан бастап номиналы 5 000 және 500 теңгелік күмістен, номиналы 200 және 100 теңгелік мельхиор қоспасынан «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» монеталар сериясынан «ҰКИ» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Бұл монета «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» монеталар сериясын жалғастырады. Бұл сериядағы монеталар дизайн бейнеленетін жануардың натуралисттік және трафареттік түрін «сақ жануар стиліне» аллегориялық тұрғыдан үйлестіріп көрсетуге негізделген.

Ұкі көптеген мәдениетте даналық, білім, жасырын мүмкіндіктер мен бірегей пайым нышаны болып табылады. Көшпенділер үкіні қасиетті құс деп есептеген. Бұл наным үкінің адамдарды жыннан күзетуге ықпал ететін, даналықты паш ететін құс ретіндегі рөлін түсінуге байланысты.

Номиналы 5 000 және 500 теңгелік «ҰКИ» монеталарының сипаттамасы:

Монеталар алтындату технологиясын қолдана отырып күмістен жасалған және гауһар қондырмасы бар. Монеталардың бет және сырт жақтарындағы бейнелер бірдей.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) ұлттық ою-өрнектің қоршауында Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін деген жазба бейнеленген. Монетаны айналдыра «QAZAQSTAN RESPYBLIKASY» және «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазбалар бар. Монеталардың сырт жағында (реверсінде) гауһар қондырмасы бар үкінің басының натуралисттік және трафареттік бейнесінен композиция, монетаның жоғары бөлігінде «ҰКИ» деген жазба орналасқан. Монетаны айналдыра декоративтік ресімдеу элементтері бар үлкен жиек жүргізілген.



Номиналы 200 және 100 теңгелік «ҰКИ» монеталарының сипаттамасы:

Монеталар МН25 сапалы мельхиор қоспасынан «proof-like» және «brilliant uncirculated» сапасымен дайындалған. «Proof-like» дайындау сапасымен монетада алтындату технологиясы қолданылған. Монеталардың бет жағында (аверсінде) ұлттық ою-өрнектің қоршауында соғылған жылы, номиналы, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бейнеленген. Монетаны айналдыра «QAZAQSTAN RESPYBLIKASY» және «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазбалар бар. Монеталардың сырт жағында (реверсінде) үкінің басының натуралисттік және трафареттік бейнесінен композиция, монетаның жоғары бөлігінде «ҰКИ» деген жазба орналасқан. Монетаны айналдыра декоративтік ресімдеу элементтері бар үлкен жиек жүргізілген.

ҚР ҰБ Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы)

«Нұр-Астық 2005» ЖШС (ЖСН: 041240003000) өзінің кредиторларына Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешіміне, «Нұр-Астық 2005» ЖШС-тің оған оңалту рәсімін қолдану туралы арызын қарауға қабылданғандығы туралы хабарлап, азаматтық іс қозғалды деп хабарлайды.

Аталған азаматтық іс бойынша сот отырысы 17 қазан сағат 09:30-да Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ғимаратында, Нұр-Сұлтан қаласы, Сауран, 32 көшесі мекенжайы бойынша өтеді.

«Нұр-Сұлтан қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ Нұр-Сұлтан қаласының ПБ Әкімшілік полиция басқармасымен бірлесіп, «Астана қаласының тұрғын үй алаптарында инженерлік желілердің құрылысы. Мичурин тұрғын алабы. Интернационал-ның тұрғын алабы. Су құбырының сыртқы инженерлік желілері» Айнакөл – М.Төлебаев қиылысы және М.Төлебаев – Р.Қошқар-баев



Техникалық сипаттамалары:

1) номиналы 5 000 теңгелік монеталар 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 25 oz (777,5 гр.), диаметрі – 100 мм, диаметрі 2 мм болатын бір гауһар орнатылған, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 200 дана;

2) номиналы 500 теңгелік монеталар 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 гр., диаметрі – 38,61 мм, диаметрі 1 мм болатын бір гауһар орнатылған, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 3 000 дана;

3) номиналы 200 теңгелік монеталар мельхиор қоспасынан жасалған, массасы – 15 гр., диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – «proof-like», таралымы – 5 000 дана;

4) номиналы 100 теңгелік монеталар мельхиор қоспасынан жасалған, массасы – 11,17 гр., диаметрі – 31 мм, дайындау сапасы – «brilliant uncirculated», таралымы – 20 000 дана.

Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған.

Номиналы 5 000, 500, 200 және 100 теңгелік коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Күміс монеталар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

«Proof-like» дайындау сапасы бар мельхиор қоспасынан дайындалған монеталар кәдесыйлық ораумен шығарылады.

«Brilliant uncirculated» дайындау сапасы бар мельхиор қоспасынан дайындалған монеталар арнайы полиграфиялық ораумен шығарылады.

Коллекциялық монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталарды Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 21-үй мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалының (Нұр-Сұлтан қаласы) сатып алуға болады.

Сонымен бірге, монеталардың бар-жоғы жөніндегі ақпаратты 70-33-54, 70-33-78 телефондары бойынша немесе интернет-ресурста www.nationalbank.kz «Ұлттық валюта» парақшасынан алуға болады.

ҚР ҰБ Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы)

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес зерттеу, іздестіру және медициналық зертхана үшін Қан орталығының аумағын кеңейтуді жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, № 10 үй ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,1681 га жер учаскесі 2020 жылғы 6 қаңтардан 2021 жылғы 6 қаңтарға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 01.10.2019 №510-1304

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес КЖ-10кВ электр беретін көбіл желісін, АГРС-1-ге қиыршықтасты кірме автожолын, АГРС-2-ге ТОБЖ байланыс желісін жүргізу және пайдалану үшін Нұр-Сұлтан қаласы, қаланың шығыс бөлігінде орналасқан жалпы ауданы 1-учаске – 0,4442 га, 2-учаске – 0,7841 га, 3-учаске – 0,9404 га, оның 0,3400 га газ құбырын жүргізу және пайдалану бойынша жобаның ішінде жер учаскелеріне 2 (екі) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, меншік иелері мен жер пайдаланушыларға көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаске-

лерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскелерін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен ауданы: 1-учаске – 0,4442 га, 2-учаске – 0,7841 га, 3-учаске – 0,9345 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасассын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А.К. Әмринге жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А. Әмрин

Жиынтық-аналитикалық бөлімінің басшысы Ж. Сәрсенова

«Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Н. Кенжебаев

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы «1» қазандағы № 510-1304 қаулысына қосымша

Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/С №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі/жер пайдаланушы	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	5	6	7	8
1.	21-318-145-1887	«AGRI Holding Astana» ЖШС	0,5851	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, А 360 (жобалық атауы) көшесі, № 5/1 учаске	Ауыл шаруашылық өнімдер өндірісі	Жеке меншік
2.	21-318-145-1938	Ақпанбетов Нуржан Женисович, Ақпанбетова Айнура Тлеухановна	0,0007	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан қаласының шығыс бөлігінде	Ауыл шаруашылық өнімдер өндірісі	Жеке меншік
3.	21-318-145-1935	Фещук Николай Евгеньевич	0,3201	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан қаласының шығыс бөлігінде	Ауыл шаруашылық өнімдер өндірісі	Жеке меншік

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 01.10.2019 №510-1310

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес зерттеу, іздестіру және медициналық зертхана үшін Қан орталығының аумағын кеңейтуді жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, № 10 үй ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,1681 га жер учаскесі 2020 жылғы 6 қаңтардан 2021 жылғы 6 қаңтарға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей меншік иесіне және жер пайдаланушыға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелеріне және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республи-

касының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иесі мен жер пайдаланушы алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап бір ай ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А.К. Әмринге жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А. Әмрин

Жиынтық-аналитикалық бөлімінің басшысы Ж. Сәрсенова

«Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ж. Мырзағали

«Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Н. Ұранхаев



«АБАЙ ОҚУЛАРЫНДА» ТОП ЖАРДЫ

» Елбасы кітапханасында үшінші рет «Абай оқулары» атты әдебиет сайысының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Дәстүрлі сайысқа еліміздің түкпір-түкпірінен және алыс-жақын шетелдерден екі жүздің үстінде өтінім келіп түскен. Соның ішінде Еуропа мен Азия және ТМД елдерінен келіп түскен жұмыстар да бар. Ал әлеуметтік желілер арқылы 20 мыңнан астам адам үн қатқан. Қатысушылар мен қонақтар ұлы Абай шығармашылығына арналған кітап көрмесін де тамашалады. Байқау қорытындысы бойынша төмендегі қатысушылар жеңімпаз атанды:

Бас жүлде – Гүлбибі Сейдалиева

(Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 4-курс студенті, Өскемен қаласы);

I орын – Арай Жылқыбаева (ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығы ауруханасының дәрігер-меднеджері, Нұр-Сұлтан қаласы);

II орын – Медина Жылқыбаева (Ақмола облысы Қосшы ауылындағы №2 мектептің 10-сынып оқушысы);

III орын – Ерсултан Нүсіпжанов (Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің 3-курс студенті, Тараз қаласы);

«Абай мұрасын әлемдік деңгейде насихаттаушы» номинациясы – Бекзат Смағұлов (ҚР Мәдениет және спорт

министрлігі Өнер департаментінің сарапшысы);

«Ең кішкентай үміткер» номинациясы – Жігер Хасен мен Әнел Мұхамәжитова (Павлодар облысы Екібастұз қаласындағы №24 «Айналайын» балабақшасының тәрбиеленушілері);

«Көрермен көзайымы» номинациясы – Қымызы Арын (Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 8-сынып оқушысы);


«Ең белсенді қатысушы» номинациясы – Мұхамеджан Әбдиев (Б.Момышұлы атындағы №45 мектеп-гимназияның 7-сынып оқушысы, Тараз қаласы).

ЕСКІ ҮЙ ОРНЫНДА – ГҮЛЗАР

» Елорданың Сарыарқа ауданындағы Ө.Молдағұлова көшесінде «Жастар» гүл бағы ашылды. Ол апатты жағдайда тұрған бес қабатты ғимараттың орнынан бой көтерді.

Сарыарқа ауданы әкімінің айтуынша, гүл баққа 200-ден астам ағаш отырғызылып, көлемі 1,4 га болып ұлғайды. Қала тұрғындарының белсенді демалуы үшін бұл жерге спорттық және ойын алаңдары салынған, осынау игі шара Қазақстандағы Жастар жылына орайластырылған.

– Бұл ауданда 2000 адам тұрады, оның ішінде 400-ден астамы – бала. Бұрын бұл жерде 5 қабатты, апатты жағдайдағы ескі үй болған еді, оны сүргеннен кейін жастарға арналған демалыс орнын салу туралы шешім қабылданды. Жақын жерде С.Сейфуллин аграрлық университеті бар, онда 15 мың студент оқиды, – дейді Сарыарқа ауданының әкімі Ерғали Егемберді. Гүлбақтың ашылу салтанатында «Шабьт» халық ансамблінің әртістері концерт қойды.



Сұлтан СЕЙІТ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Жарқын ЖҰМАДИЛОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**
Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №117

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы,

Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06
astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – **Жадыра ШАМҰРАТОВА**